# ТАЛАПКЕР – 2016



Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

# Ақтөбе университеті

argugazeti@mail.ru

№12 (388) 30 маусым 2016 ж

1996 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді


# БОЛАШАҚҚА СЕНІММЕН



Ұлттық тестілеу сынағынан сүрінбей өтіп, көңілдегідей нәтижеге жеткен кешегі мектеп түлектерінің алдында болашағын айқындайтын тағы бір таңдау тұр. Болашақ мамандықты қателікке ұрынбай айқындай білу де маңызды. Сүйікті ісіңмен айналысып, жаның жадыраңқы немесе кездейсоқтыққа бой алдырып, көңіл сүймеген кәсіптен береке таппайтын жолайрықтың алдында тұрған түлектерге жөн сілтеу парыз. Алда тұрған тағы біркүрделі мәселе – қай оқу орнына барған дұрыс? Өйткені бірдей мамандық даярлайтын мемлекеттік және жеке оқу орындары жетіп артылады. Бұл ретте олардың материалдық базасына, оқытушы-профессорлар құрамының сапасына назар аударған дұрыс.

Жарты ғасырлық тарихы бар Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті еліміздегі білім ордалары арасында алғашқы ондықтың сапында.

Студенттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беруге толық жағдай жасалған. Оқу ордамыздың заманға сай жабдықталған 6 оқу ғимараты, спорт кешендері, Студенттер Сарайы, Жастар Сарайы, екі жатақханасы, студенттер емханасы, жүзу бассейні, әр оқу ғимараттарда өз кітапханасы, баспа орталығы студенттерге қызмет көрсетеді. Ұзақ жылдар бойы дәстүрі қалыптасқан, білікті де білімді ұстаздар қауымының әлеуеті жоғары. Университетімізде 36 ғылым докторы, 8 PhD докторы, 280 ғылым кандидаты еңбек етеді.

Бакалавриаттың 55, магистратураның 15, 1 PhD мамандығы бойынша білім алған университет түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде, алыс-жақын шетелдерде жемісті еңбек етіп келеді.

Жоғары оқу орны білім берудің әлемдік үдерісіне еніп, бәсекелестік қабілетін нығайту үшін шетелдік көптеген беделді оқу орындарымен жемісті байланыс орнатқан. Оқытушылар шетелде ғылыми тағылымдамадан өтіп, студенттер алмасу дәстүрге айналған. Тек биылғы жылдың өзінде университетіміздің бір топ оқытушылары білімін жетілдіру, тәжірибе алмасу мақсатында Германия, Испания, Ұлыбритания, Португалия мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы оқу орындарында біліктілігін жетілдірді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттеріміз АҚШ, Қытай, Польша, Латвия, Ресей, Болғария және басқа алыс-жақын шетелдердің жоғары оқу орындарында келісім шарт негізінде білім алып қайтты.

Шетелдік оқу орындарымен онлаин режимінде телеконференциялар өткізіліп тұрады. Студенттерге университет қабырғасында ғылыми жұмыстармен айналысуға толық жағдай жасалған. Республика деңгейіндегі студенттер арасындағы өтетін ғылыми жоба байқауларында, пәндік олимпиадаларда студенттеріміз үнемі жүлделі орындарға ие болып жүр. Салауатты өмір салтын берік ұстанатын студент спортшыларымыз облыстық, республикалық, халықаралық, әлемдік деңгейдегі сайыстарда биік белестерді бағындырып, жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Жыл сайын дәстүрлі түрде республикалық қоғамдық-саяси «Президент және халық» газетімен «Уақыт таңдауы» агенттігі бірлесе жүргізетін үздік ЖОО анықтау жобасында университетіміз «Жылдың үздік жоғары оқу орны» атануы - біздің үлкен жетістігіміз.

Білікті маман, білімді ғылым жолын мақсат еткен жас дұрыс таңдау жасайды деп ойлаймын. Таңдау өз қолдарыңызда.

Тек қана сәттілік тілеймін.

**Кенжеғали КЕНЖЕБАЕВ,**
**профессор, университет ректоры**



# Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ТӨМЕНДЕГІ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ

| | Мамандық топтары<br>Группа специальн. | БАКАЛАВРИАТ<br>Мамандықтар атауы Наименование специальностей | Таңдау пәндері<br>Предметы по выбору |
|---|---|---|---|
| Білім Образование | 5B010100 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу<br>Дошкольное обучение и воспитание | Биология |
| | 5B010200 | Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі<br>Педагогика и методика начального обучения | Биология |
| | 5B010300 | Педагогика және психология<br>Педагогика и психология | Биология |
| | 5B010500 | Дефектология | Биология |
| | 5B010600 | Музыкалық білім<br>Музыкальное образование | 2-шығар. емтихан<br>2-творч. экзамен |
| | 5B010700 | Бейнелеу өнері және сызу<br>Изобразительное искусство и черчение | 2-шығар. емтихан<br>2-творч. экзамен |
| | 5B010800 | Дене шынықтыру және спорт<br>Физическая культура и спорт | 2-шығар. емтихан<br>2-творч. экзамен |
| | 5B010900 | Математика | Физика |
| | 5B011000 | Физика | Физика |
| | 5B011100 | Информатика | Физика |
| | 5B011200 | Химия | Химия |
| | 5B011300 | Биология | Биология |
| | 5B011400 | Тарих<br>История | Дүниежүзі тарихы<br>Всемирная история |
| | 5B011600 | География | География |
| | 5B011700 | Қазақ тілі мен әдебиеті<br>Казахский язык и литература | Қазақ (орыс) әдебиеті<br>Казахская(русская) литература |
| | 5B011800 | Орыс тілі мен әдебиеті<br>Русский язык и литература | Орыс (қазақ) әдебиеті<br>Русская (казахская) литература |
| | 5B011900 | Шетел тілі: екі шетел тілі<br>Иностранный язык: два иностранных языка | Шетел тілі |
| | 5B012000 | Кәсіптік оқыту<br>Профессиональное обучение | Физика |
| | 5B012100 | Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті<br>Казахский язык и литература в школах с неказахским языком обучения | Қазақ (орыс) әдебиеті<br>Казахская (русская) литература |
| | 5B012200 | Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті<br>Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения | Орыс (қазақ) әдебиеті<br>Русская (казахская) литература |
| | 5B012300 | Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану<br>Социальная педагогика и самопознание | Биология |
| Гуманитарлық ғылымдар Гуманитарные науки | 5B020300 | Тарих<br>История | Дүниежүзі тарихы<br>Всемирная история |
| | 5B020500(24) | Филология: (қазақ,орыс)<br>Филология (казахская, русская) | Қазақ (орыс) әдебиеті<br>Казахская (русская) литература |
| | 5B020700 | Аударма ісі<br>Переводческое дело | Шетел тілі<br>Иностранный язык |
| | 5B021000 | Шетел филологиясы (ағылшын)<br>Иностранная филология (английский) | Шетел тілі<br>Иностранный язык |
| Құқық Право | 5B030100 | Юриспруденция<br>Құқықтану | Дүниежүзі тарихы<br>Всемирная история |
| Өнер искусство | 5B040900 | Хореография | 2-шығар. емтихан<br>2-творч. экзамен |
| | 5B042100 | Дизайн | 2-шығар. емтихан<br>2-творч. экзамен |
| Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес Социальные науки, экономика и бизнес | 5B050300 | Психология | Биология |
| | 5B050500 | Аймақтану<br>Регионоведение | Шетел тілі |
| | 5B050600<br>5B050700 | Экономика<br>Менеджмен | География<br>География |
| | 5B050800 | Есеп және аудит<br>Учет и аудит | География |
| | 5B050900 | Қаржы<br>Финансы | География |
| | 5B051000 | Мемлекеттік және жергілікті басқару<br>Государственное и местное управление | География |
| | 5B051100 | Маркетинг | География |
| Жаратылыстану ғылымдары Естественные науки | 5B060100<br>5B060200<br>5B060400<br>5B060600<br>5B060700<br>5B060800 | Математика<br>Информатика<br>Физика<br>Химия<br>Биология<br>Экология | Физика<br>Физика<br>Физика<br>Химия<br>Биология<br>Биология |
| Техникалық ғылымдар және технологиялар Технические науки и технологии | 5B070300 | Ақпараттық жүйелер<br>Информационные системы | Физика |
| | 5B070400 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету<br>Вычислительная техника и программное обеспечение | Физика |
| | 5B070500 | Математикалық және компьютерлік модельдеу<br>Математическое и компьютерное моделирование | Физика |
| | 5B070700 | Тау-кен ісі<br>Горное дело | Физика |
| | 5B070800 | Мұнай газ ісі<br>Нефтегазовое дело | Физика |
| | 5B070900 | Металлургия | Физика |
| | 5B071300 | Көлік, көліктік техника және технологиялар<br>Транспорт, транспортная техника и технологии | Физика |
| | 5B072000 | Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы<br>Химическая технология неорганических веществ | Химия |
| | 5B072100 | Органикалық заттардың химиялық технологиясы<br>Химическая технология органических веществ | Химия |
| | 5B072900 | Құрылыс<br>Строительство | Физика |
| Қызмет көрсету Услуги | 5B090100 | Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру<br>Организация перевозок движения и эксплуатация транспорта | Физика |
| | 5B090200 | Туризм | География |

## ТАПСЫРЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

**Талапкер қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі өтінішпен бірге тапсырады:**

1. Жалпы орта,техникалық және кәсіптік немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа қосымшасымен)
2. Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (ЖСН міндетті)
3. 3х4 см көлеміндегі 6 фотосурет
4. 086-У нысанындағы медициналық анықтама (Университет емханасынан еткен немесе куәландырылған,)
5. ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаты (түпнұсқа, ламинаттауға болмайды)
6. Білім грантының тағайындалғаны туралы куәлік (бар болған жағдайда)
7. Түрлі жеңілдік алу құқығын растайтын құжаттар (нотариалды расталған)
- I.II топтағы және бала кезден мүгедектігін растайтын құжат, оқу үшін теріс көрсеткіштің жоқтығы туралы медициналық- әлеуметтік сараптама
- жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалғанын айғақтайтын құжаттар: туу туралы куәліктің көшірмесі, ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе қамқоршының белгіленгені туралы қаулының көшірмесі.
- халықаралық, республикалық пәндік олимпиада, ғылыми жоба, спорттық, орындаушылық сайыс жеңімпаздарының I. II. III дәрежедегі дипломдарының көшірмесі.
8. Қажеттілікке орай:
- тест сынағынан өтуге қажетті ақыны төлегені туралы түбіртек (КТ)
- еңбек кітапшасының көшірмесі (соңғы жұмыс орнының мөрімен расталған, сырттай оқу бөлімі үшін)
- Неке туралы куәліктің көшірмесі (тегі өзгерген жағдайда)
9. Ақылы оқу туралы келісімшарт және оқу ақысының 30% төленгені туралы түбіртектің көшірмесі
10. Құжат тігілетін мұқаба, конверт (А5), файл

Ескерту: Шет тілінде берілген құжаттардың қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білімі туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен нострификатталуы керек.

## ПЕРЕЧЕНЬ ПРЕДСТАВЛЯЕМЫХ ДОКУМЕНТОВ

Абитуриент к заявлению установленного образца прилагает:

1. Документ об общем среднем, техническом и профессиональном или высшем образовании (подлинник с приложением)
2. Копию документа, удостоверяющего личность (ИИН обязательно)
3. 6 фото размером 3х4 см
4. Медицинскую справку формы 086-У (выданную или заверенную поликлиникой университета
5. Сертификат ЕНТ или КТ (подлинник, без ламинирования)
6. Свидетельство о присуждении образовательного гранта (при его наличии)
7. Документы, подтверждающие преимущественное право (нотариально заверенные):
- документ, подтверждающий инвалидность I, II группы, а также инвалидность с детства, заключение медико-социальной экспертизы (МСЭ) об отсутствии противопоказаний для обучения;
- дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, сдают: копии свидетельства о рождении, копии свидетельства о смерти родителей или копию выписки из постановления о назначении опекуна (попечителя);
- копии дипломов I, II, III степени победителей международных, республиканских предметных олимпиад, научных проектов, победителей республиканских и международных конкурсов исполнителей, спортивных соревнований
8. При необходимости абитуриент дополнительно сдает:
- квитанцию об оплате за тестирование (КТ);
- копию трудовой книжки (заверенную печатью с последнего места работы, для абитуриентов заочного отделения);
- копию свидетельства о браке (при изменении фамилии)
9. Договор об оказании платных услуг и копию квитанции об оплате за обучение (30%)
10. Скоросшиватель, конверт (А5), файл

**Примечание:** Документы, представляемые на иностранном языке, должны иметь нотариально засвидетельствованный перевод на казахский или русский язык. Документы об образовании, выданные зарубежными организациями образования, должны быть нострифицированы в установленном законодательством порядке.

## ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

1. Жоғары оқу орындарына оқуға тестілеу нәтижелері бойынша (ҰБТ немесе КТ) мынадай пәндерден: мемлекеттік немесе орыс тілінен (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәнінен кемінде 50 балл, Ұлттық жоғары оқу орындарында кемінде 70 балл, оның ішінде бейінді пәннен кемінде 7 балл, қалған пәндер бойынша кемінде 4 балл жинаған ҰБТ және кешенді тестілеуге қатысушылар қабылданады.

ҰБТ немесе кешенді тестілеу шеңберінде тапсырылған пәндердің біреуінен 4 балдан кем жинаған тұлғалардың ақылы негізде оқуға қабылдануына немесе білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуына жол берілмейді.

2. Кешенді тестілеу орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде төрт пән: мемлекеттік немесе орыс тілі (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәні бойынша өткізіледі. Таңдау пәндері, ҰБТ мен кешенді тестілеудің бейінді пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді. (ҚР БжҒМ)

3. Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының саны-25, әрбір тапсырманың дұрыс жауабы бір балмен бағаланады.

4. Шығармашылық даярлауды талап ететін мамандықтарға қабылдау ездері таңдаған жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін 2 арнайы немесе шығармашылық емтихан есебінен жүзеге асырылады.

5. Шығармашылық емтихан бойынша 10 балдан төмен алған немесе емтиханға келмеген тұлғалар осы мамандыққа түсу үшін кешенді тестілеуге жіберілмейді.

6. Шығармашылық мамандықтарға түсетін тұлғалар үшін тестілеудің мынадай екі пәні бойынша балдары ескеріледі: мемлекеттік немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы.

7. Білім беру грантын алу конкурсында таңдау пәндері сәйкес келген жағдайда азамат төрт мамандықты, бір немесе бірнеше ЖОО-н көрсете алады. Шығармашылық мамандықтарға түсетіндер бір ғана мамандықты, шығармашылық емтихан тапсырған ЖОО-н ғана көрсетеді.

8. Білім беру гранттарын алуға арналған конкурсты өткізу кезінде басым құқыққа ие болады:

а) «Алтын белгі» белгісімен марапатталғандар;

ә) дербес білім беру ұйымдарында білім алған тұлғалар;

б) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының, орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстарының және спорттық жарыстардың соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы жылғы Президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары (таңдаған мамандықтары олимпиада, конкурс пәндеріне сәйкес келген жағдайда).

9. Білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысушы тұлғалар үшін белгіленген квоталар:

• ауыл (село) жастары үшін - 30 % (ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мамандықтар үшін)

• ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар үшін - 2%

• I. II топтағы, бала кезінен мүгедек және мүгедек балалар үшін - 1 %

• түлдыр жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тұлғалар үшін - 1 %

• Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар үшін - 0,5 %

10. Кәсіптік орта білімі бар тұлғаларды (колледж) қысқартылған мерзімге ұқсас мамандықтарға оқуға қабылдау КТ нәтижесі бойынша жүзеге асады.

11. Жоғары білімі бар тұлғаларды қысқартылған мерзімге оқуға қабылдауды ЖОО-ның қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.



# МАГИСТРАТУРА

**В АРГУ им. К.Жубанова можно пройти обучение по следующим специальностям магистратуры:**

6М060100 – Математика
6М010900 - Математика
6М060200 - Информатика
6М060400 – Физика
6М011000 - Физика
6М020500 - Филология
6М010300 - Педагогика и психология
6М050300 - Психология
6М020300 - История
6М060700 - Биология
6М050600 - Экономика
6М051000 - Государственное и местное управление
6М051100 - Маркетинг
6М060800 - Экология
6М070300 - Информационные системы

**Докторантуры:**
6Д060100 – Математика

Обучение в магистратуре университета осуществляется по двум направлениям: научно-педагогическому и профильному.

Научно-педагогическая магистратура (срок обучения 2 года)

Профильная магистратура (срок обучения 1-1,5 года)

Лица, поступающие в магистратуру, подают следующие документы:

1) заявление на имя ректора с указанием направления и специальности подготовки; 2) копию документа о высшем образовании (оригинал показать для обозрения);

3) копию сертификата о сдаче теста по программам TOEFL (пороговый балл – не менее 560); IELTS (пороговый балл – не менее 6,0) (в случае их наличия);

4) личный листок по учету кадров и документ, подтверждающий трудовую деятельность (для лиц, имеющих трудовой стаж);

5) шесть фотографий размером 3х4;

6) медицинскую справку формы 086-У (подтвержденную поликлиникой АРГУ им. К.Жубанова);

7) копию удостоверения личности (оригинал для обозрения);

8) список научных и научно-методических работ (в случае их наличия);

9) скоросшиватель, конверт, файл.

В докторантуру принимаются лица, имеющие академическую степень «магистр».

Лица, поступающие в докторантуру, подают в высшее учебное заведение следующие документы:

1) заявление на имя ректора;

2) обоснование планируемого диссертационного исследования, согласованное с предполагаемым отечественным или зарубежным научным консультантом;

3) копию удостоверения личности (оригинал для обозрения);

4) копию документа об образовании (оригинал для обозрения);

5) копию сертификата о сдаче теста по программам TOEFL (пороговый балл -не менее 560); IELTS (пороговый балл – не менее 6,0) (в случае их наличия);

6) список научных и научно-методических работ (в случае их наличия);

7) шесть фотографий размером 3х4 сантиметра;

8) медицинскую справку формы 086-У (подтвержденную поликлиникой АРГУ им. К.Жубанова);

9) личный листок по учету кадров и документ, подтверждающий трудовую деятельность (для лиц, имеющих трудовой стаж);

10) скоросшиватель, конверт, файл.

Прием заявлений проводится с 10 по 30 июля.

Вступительные экзамены с 10 по 20 августа.

- иностранный язык;
- специальность.

В случае наличия сертификатов о сдаче TOEFL или IELTS поступающий освобождается от сдачи вступительного экзамена по иностранному языку и ему зачисляется наивысший балл по 100-балльной шкале оценок.

## ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АБИТУРИЕНТОВ

1. На обучение в вуз зачисляются выпускники, набравшие по результатам тестирования (ЕНТ или КТ) не менее 50 баллов, в национальные высшие учебные заведения - не менее 70 баллов, по следующим предметам: государственному или русскому языку (язык обучения), истории Казахстана, математике и предмету по выбору, в том числе - не менее 7 баллов по профильному предмету, а по остальным предметам - не менее 4 баллов. Не допускаются к зачислению на платное обучение или участию в конкурсе по присуждению образовательных грантов лица, получившие по одному из предметов, сдаваемых в рамках ЕНТ или комплексного тестирования, менее 4-х баллов.

2. Комплексное тестирование проводится в объеме учебных программ среднего образования по четырем предметам: государственному или русскому языку (язык обучения), по истории Казахстана, математике и предмету по выбору. Перечень специальностей с указанием предметов по выбору и профильных предметов ЕНТ, комплексного тестирования утверждается уполномоченным органом в области образования (МОН РК).

3. Количество тестовых заданий по каждому предмету - 25. Правильный ответ на каждое задание оценивается одним баллом.

4. Прием на специальности, требующие творческой или специальной подготовки, осуществляется с учетом 2-х специальных или творческих экзаменов, которые проводятся приемными комиссиями в избранных ими вузах.

5. Лица, получившие по творческому экзамену менее 10 баллов или не явившиеся на него, к комплексному тестированию для поступления по данной специальности не допускаются.

6. Для лиц, поступающих на творческие специальности, учитываются баллы по двум предметам тестирования: государственному или русскому языку, истории Казахстана.

7. Для участия в конкурсе на присуждение образовательных грантов при совпадении предмета по выбору гражданин может указать четыре специальности в один или разные вузы. Поступающие на творческие специальности указывают только одну специальность и только вуз, в котором сдавал творческие экзамены.

8. При проведении конкурса на получение образовательных грантов преимущественное право имеют:

а) лица, награжденные знаком «Алтын белгі»;

б) лица, имеющие документы автономных организаций образования;

в) победители международных олимпиад и конкурсов научных проектов по общеобразовательным предметам; республиканских и международных конкурсов исполнителей и спортивных соревнований последних трех лет, а также победители Президентской олимпиады, республиканских олимпиад и конкурсов, научных проектов по общеобразовательным предметам текущего года (при условии соответствия выбранной им специальности предмету олимпиады, конкурса или спортивного соревнования).

9. Квоты приема для граждан, участвующих в конкурсе на получение образовательного гранта:

• для граждан из числа аульной (сельской) молодежи - 30% (распространяется лишь на специальности, определяющие социально-экономическое развитие села);

• для лиц казахской национальности не являющихся гражданами РК - 2 %;

• для инвалидов I и II групп, инвалидов с детства, детей-инвалидов – 1 %;

• для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей – 1 %;

• для лиц, приравненных по льготам и гарантиям к участникам и инвалидам Великой Отечественной войны - 0,5%;

10. Прием лиц, имеющих профессиональное среднее образование (колледжи), на родственные специальности на обучение по сокращенным срокам осуществляется по результатам КТ.

11. Прием на обучение в сокращенные сроки лиц, имеющих высшее образование, осуществляется приемными комиссиями высших учебных заведений.

# • ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ:




**БАКАЛАВРИАТ:**
- 5В060600 - Химия;
- 5В060700 - Биология;
- 5В060800 - Экология;
- 5В011200 - Химия;
- 5В011300 - Биология.

**МАГИСТРАТУРА:**
- 6М060700 – Биология;
- 6М060800 – Экология.

## АМЕРИКАҒА БІЛІМ САЯХАТЫ

Үстіміздегі оқу жылының бірінші семестрінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Халықаралық академиялық ұтқырлық» бағдарламасы арқылы АҚШ-та оқып келдім. «Теннесси Технологиялық Университеті» АҚШ-тағы жоғары білімді ЖОО бірі.

Ең басында келгенде тілмен қиындықтар болады, жаңа әлемде үйреніп кете алмаймын деген ойлар кеп болды, алайда ата-анамның қолдауымен және ақ батасы арқасында ұшаққа отырған кезде қорқынышым су сепкендей басылды.

Бар болғаны 4 айда көптеген жаңа достар таптым. Соның ішінде Дубай, Бразилия, Германия, Испания, Малайзия, Тайланд, Филиппин, Франция, Сауд Арабиясы, Швейцария, Мексика, Корея, Қытай сынды елдерден келген студенттермен танысып, бір үлкен отбасыға айналдық. Өзге елден келген студенттерді байланыстырған ағылшын тілі және жаңа дүниені ашуға деген ізгі талаптары болды. Сонымен қатар Қазақстаннан барлығы 21 студент оқып қайтқан болатынбыз.

Білім деңгейлері өте жоғары, барлық студенттер кітапханадан күні - түні шықпайды. Сынақтардан әрқашанда өз күштерімен дайындалып, жоғары балл алады. Класстар 24-ші тамызға дейін таңдалынады. Ол үшін әр студентке бөлінген жеке эдвайзер көмегімен студенттің қалаған уақытындағы, қалаған пәнін таңдайды, кредит саны шектелген. Егерде пән ұнамаса оқу басталғаннан кейін 3 апта ішінде басқа пәнге ауысуға мүмкіндік береді. Әр зертханалық сабақтарында міндетті түрде зерттеу жұмыстары жасалынады. Мен өзім 12 кредит бойынша 4 пәнді таңдап, оқып бітіріп шықтым. Әр пәннің мұғаліміне профессорға емес, жәй досыңа қарағандай қарым-қатынаста бола алдым. Себебі олар бауырмал, түсінбегеніңді жәй сезбен түсіндіріп беруге және әрқашан көмек қолын созып тұруға дайын.

Әр 2 апта сайын әр елдің студенттері өздерінің туған жерлеріне презентация дайындап, қорғаған болатын. Сол секілді бізде қазақ еліне керемет бейнебаян дайындап, ұлттық тағамдар бешбармақ, бауырсақ әзірлеп, қазақша ән-күй орындап, дәстүрімізді таныстырдық.

Бір сөзбен айтқанда, шетелдегі оқу маған жаңа мақсаттар, жаңа достар, өмірге басқа жағынан қарауға шабыт берді. Ендігі мақсатым «Болашақ» бағдарламасы арқылы білімді АҚШ-қа барып шыңдағым келеді.

**А. ОТАРОВА,**
**биология мамандығынын 2 курс студенті**

## СПОРТТАҒЫ ЖЕТІСТІК



**Жаратылыстану факультеті 5В060600 – Химия мамандығының 1 курс студенті Худайбергенова Земфира Аспандиярқызы:**

-Кішкентайымнан таэквондо секциясына барамын. Бұл спорт түрінен біршама жетістіктерім де бар. Атап айтар болсам, Ресейдің Ижевск қаласында Халықаралық турнирдің жүлделі 2 орын (2012ж.), 2013 ж Халықаралық турнирдің 1 орын, 2014 ж. Қазақстан чемпионатының 1 орын, 2015 ж. «Боец Азии» Халықаралық турнирінің 2 орын иегері атандым. Жақында Ресейдің Пятигорск қаласында TAEKWON-DO-дан еткізілген Халықаралық турнирде I орынды иелендім.

Университетте спорт пен оқуды қатар алып жүруге барлық жағдайлар жасалған.

## МЕН ҚАЛАҒАН МАМАНДЫҚ



Мен мектеп табалдырығында білім нәрімен сусындап, тәлім-тәрбие алып, жақсы қасиеттерді бойыма дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар алып, өзім таңдаған мамандық иесі атану жолын Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде жалғастырдым. Химияны мектеп кезімнен ұнатқандықтан, ЖОО-да 5В060600 «Химия» мамандығына түстім. Мектеп бітірушілер арасында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті ұйымдастыруымен химия пәнінен өткен олимпиададан жүлделі орын иемденіп, бірінші курста 50%-дық жеңілдік алдым.

Оқу орнындағы басты тұлға оқытушы екендігі белгілі. Тіпті қазіргі технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім сапасын қамтамасыз етуден оқытушы рөлін ешнәрсемен ауыстыруға болмайтындығын халықаралық тәжірибелер көрсетіп отыр. Химия пәнін қатты сүйетіндіктен бе, әлде оқытушыларымның одан әрі қызығушылық туғыза білулерінің себебінен бе мамандық таңдағанда қателеспегеніме әбден көзім жетті.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» демекші еңбегімнің жемісін екінші курста да көрдім, яғни «өте жақсы» деген бағамен аяқтағандарға университет ректоры атынан берілген оқу ақысының 50%-ы көлемінде жеңілдігін иелендім. Осындай жеңілдіктер ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүгедектерге, жағдайы нашар жанұя балаларына да берілуі, университет басшылығының қолдауы өте қуантарлық жағдай деп есептеймін.

Үшінші курста дәл осындай жеңілдік облыс әкімінің тарапынан белінді. Сонымен қатар, Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің ұйымдастыруымен өткен Республикалық студенттік пәндік олимпиададан сертификат алдым.

Жалпы студенттің оқуына барлық жағдай, жеңілдіктер қарастырылған. Сабақты жақсы оқумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, университеттің дамуына ат салысып жүретін студенттердің еңбегі ескеріліп, мақтау қағаздарымен марапатталады.

Менің бұл жетістіктерге жетуім тек өзімнің ғана емес, оқытушы біліктілігі, бұл еліміздің бүкіл білім беру жүйесін алға бастырып, оны заман талабына сай етіп құрудың негізгі алғышарты, басты кепілдігі болып табылады.

**Утегенова Маншук ,**
**жаратылыстану факультетінің**
**химия мамандығының 4 курс студенті**

# • ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ:



**БАКАЛАВРИАТ:**
- 5В010900 – Математика
- 5В011000 – Физика
- 5В011100 – Информатика
- 5В060100 – Математика
- 5В060400 – Физика
- 5В060200 – Информатика
- 5В070500 – Математикалық және компьютерлік моделдеу
- 5В070300 – Ақпараттық жүйелер
- 5В070400 – Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету



**МАГИСТРАТУРА:**
- 6М060100 - Математика
- 6М060400 - Физика
- 6М060200 - Информатика
- 6М070300 - Ақпараттық жүйелер
- 6М010900 - Математика
- 6М011000 - Физика

**ДОКТОРАНТУРА:**
- 6D060100 - Математика

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША

Профессор-оқытушы құрамы ғылыми жұмыстар, магистратура, докторантура және біліктілікті жоғарылатуға арналған курстар бойынша Крайова университеті (Румыния), Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМҚызПУ, УҒА-ның В.М.Глушков атындағы кибернетика институты (Украина), Самара мемлекеттік университеті, Әулие Климент Охридский атындағы София университеті (Болгария), М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Орынбор мемлекеттік университеті, Карлов университеті (Чехия), Гагарин атындағы Саратов техникалық университеті, Санкт-Петербург жоғары молекулалық қосындылар институты, Тарту университеті (Эстония), Гданьск университеті (Польша), Латвия университеті (Рига), РҒА А.Ф.Иоффе атындағы физика-техникалық институт (Санкт-Петербург), Ұлттық зерттеу Томск университеті, Россияның Бірінші Президенті Б. Ельцин атындағы Урал федеральдық университеті (Екатеринбург), Кемерово мемлекеттік университеті, National Laboratory Astana, Сингапур ұлттық университеті, «Наноиндустрия» концерні (Мәскеу), Федеративтік мемлекеттік унитарлық мекеме «НПО «Орион» (Мәскеу), Санкт-Петербург техникалық университеті, РҒА Жоғары молекулалық қосылыстар институты (Санкт-Петербург), Т.Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті (Украина), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ядролық физика институты (Алматы), «Ғарыш зерттеулер мен технологиялардың Ұлттық орталығы» (Алматы), И.П.Шамякин атындағы Мозырь мемлекеттік университеті, т.б. оқу орындарымен тығыз байланыста.

## НАШИ ВЫПУСКНИКИ



Я - студентка 4 курса АРГУ им. К. Жубанова физико-математического факультета специальности «5В011100-Информатика». Заканчивая 4 курс, хочу поблагодарить преподавательский состав кафедры теории информатики и технологии обучения за качественное проведение занятий.

В университете достаточно хорошая материально-техническая база. Доступны мультимедийные кабинеты, кабинеты для проведения лабораторных занятий. В библиотеках всех корпусов много хороших книг, доступный интернет. Есть 2 корпуса общежитий, где созданы все условия для проживания и обучения студентов. Также в корпусах общежитий есть библиотеки с книгами и интернетом.

Обращаюсь к абитуриентам: поступайте в АРГУ им. К. Жубанова, вы выпуститесь достойными дипломированными специалистами. Нам, как педагогической специальности, легче найти работу, так как госорганизации нуждаются в специалистах физико-математической направленности. Сама я иду работать в свою родную школу преподавателем информатики.

**Айнур ИЛЮПОВА**



Я являюсь студенткой 4 курса, специальности «Математика», обучаюсь по гранту. По окончании вуза буду работать учителем математики в школе.

Я очень рада, что в свое время выбрала именно этот вуз и эту специальность. Здесь я обрела новых друзей, получила глубокие и прочные знания, которые могу применить в своей профессиональной деятельности. Как того требует наш Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев, могу вести преподавание на 3-х языках: русском, казахском и английском.

Хочу выразить огромную благодарность своим преподавателям, которые на протяжении четырех лет были рядом с нами, щедро делились своими знаниями и опытом, были готовы всегда нас поддержать добрым словом, человеческим участием.

Также хочу выразить слова благодарности в адрес ректора нашего вуза Кенжебаева Кенжегали Кенжебаевича и декана факультета Тулепбергенова Сагына Куанышевича.

А тем, кто сейчас стоит перед выбором «Кем быть», хочу сказать: приходите учиться в наш Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова на физико-математический факультет, специальность «Математика». Не пожалеете!

**Альфия УТАЛИЕВА**

# • ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ:

### БАКАЛАВРИАТ:

- **5В011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті,**
- **5В011800 - Орыс тілі мен әдебиеті,**
- **5В012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті,**
- **5В012200 - Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті,**
- **5В020500-Филология: қазақ филологиясы,**
- **5В020500-Филология: орыс филологиясы.**

### МАГИСТРАТУРА:

**- 6М020500-Филология**




Факультет мамандықтары жыл сайын Ұлттық рейтинг нәтижелері бойынша тұрақты түрде жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді. Мысалы, ҚРБжҒМ Ұлттық аккредитациялау орталығы анықтаған 2012 жылғы рейтинг бойынша барлық ЖОО арасында 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы 3-орынды иеленсе, Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша қазақстандық тәуелсіз агенттік (БСҚБТҚ-НКАОКО) тарапынан білім бағыты бойынша еліміздің барлық ЖОО арасында өткізілген «Ұлттық рейтинг-2013» қорытындысы бойынша 3-орын, ал 5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы 1-орын, 5В012200-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығы 2-орынды иеленсе, «Ұлттық рейтинг-2014» қорытындысы бойынша 5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 5В012200-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 5В011800-Орыс тілі мен әдебиеті мамандықтары 2-орынды иеленді.

Факультет студенттері республикалық пәндік олимпиадалардың тұрақты жеңімпаздары болып табылады. 5В020500-Филология:қазақ филологиясы мамандығының студенттері 2011-2012 оқу жылы 1-орын, 2012-2013 оқу жылы бас жүлде, 2013-2014 оқу жылы 2-орын, 2014-2015 оқу жылы 1-орынды иеленсе, 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2014-2015 оқу жылы 3-орын, ал 5В011800 - Орыс тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2011-2012 оқу жылы 3-орын, 2014-2015 оқу жылы 2-орынды иеленді.

Факультет мамандығын бітірген түлектердің 90% жыл сайын жұмысқа орналасады, оның ішінде 70% Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстары мектептерінде еңбек етуде.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ МОБИЛЬДІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ФАКУЛЬТЕТ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ:

- Польша, Познань, А.Мицкеевич атындағы университеті;
- ҚХР Шыңжан экономика және қаржы институты;
- Үндістан, Джамму университеті;
- РФ ҒА Білім басқару институты;
- РФ БашМУ, М.Ақмолда атындағы БашМПУ;
- РФ Перьм Ұлттық политехникалық университеті;
-Өзбекстан Республикасы Әлем тілдері университеті, т.б.



Факультетте академиялық ұтқырлық мәселесі жақсы жолға қойылған Факультеттің 5 оқытушы-ғалымы «Болашақ» бағдарламасы бойынша Польшаның Познань қаласындағы А.Мицкевич атындағы университетте тәлімгерлік тәжірибеде болды. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Г.Д.Рысмағамбетова Нидерланды Корольдігінің Лейден қаласындағы ICLOON/DAAS Лейден университетінде тәлімгерлік тәжірибеден өтті. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенттері Ж.Әділбекова, Ғ. Тұржанова т.б. ҚХР Шыңжаң экономика және статистика университетіне оқуға жіберіліп, қытай тілі курсы бойынша білім алып қайтты. Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 6 студенті РФ Башқұртстан республикасы Уфа қаласындағы Ақмолла ат. БашМПУ-де оқып келді, ішкі академиялық ұтқырлық бойынша Абай ат. Қазақ ҰПУ-де 3 студент, Қаз. Қыз. МПУ-де 1 студент оқып қайтса, аталмыш университеттің 3 курс студенті Г. Талғатқызы біздің университетте оқыды. Қазіргі таңда факультетте ҚХР Шыңжаң экономика және статистика университетінің 7 студенті орыс тілі мен әдебиеті мамандығында оқып жатыр.

# • ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ:

### БАКАЛАВРИАТ:

- **5В011400 - Тарих ,**
- **5В020300 - Тарих ,**
- **5В050500 -Аймақтану ,**
- **5В011600 - География ,**
- **5В05090200 - Туризм ,**




### МАГИСТРАТУРА:

**- 6М020300 – Тарих.**

### СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

2014-2015 оқу жылында тарих факультетінің 71 студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алуда. Соңғы үш жылда факультеттің 10 студенті үздік оқуы және қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі үшін Президент стипендиясымен, 69 студент Ақтөбе облысы әкімі стипендиясының иегері атанды.

**Факультетте аталған мамандық студенттерінің оқу-танымдық, өндірістік және педагогикалық практикалардан өтуіне үлкен көңіл бөлінеді. Факультеттің келісім-шарт негізінде байланысы бар практика базалары төмендегідей:**
- Облыстық және қалалық мектептер;
- Ақтөбе қаласының колледждері;
- Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі;
- Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты;
- ЖШС «Зере тур» туроператорлық компаниясы;
- Ақтөбе қалалық жасөспірімдердің туристік станциясымен;
- Далалық, археологиялық-этнографиялық практикалар үшін аудан әкімдіктері.

**Еңбекпен қамтамасыз етілу.** Еңбек нарығындағы қажеттілікке байланысты біздің түлектеріміз 100 % жұмыспен қамтылады. Факультет жыл сайын мектептер мен білім ордаларының жетекшілерін жұмылдыра отырып, «Бос орын жәрмеңкесін» және «Ашық есік» күнін өткізуді дәстүрге айналдырған.

### БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР

Тарих факультетінің үлкен мақтанышы мамандық түлектері. Олардың есімдері Ақтөбе облысынан да тыс жерлерге жақсы таныс. Олардың ішінде белгілі саясаттанушылар мен ғалымдар, журналистер және өнер саласының қайраткерлері, облыс және қалалық әкімшілікге басшылық қызметте жұмыс жасайтын тұлғалар, аудандық білім бөлімі мен әртүрлі деңгейдегі мектептердің директорлары көптеп саналады. Біздің көптеген түлектеріміз ғылыми-педагогикалық салада біршама табыстарға жетті.



### БІЗДІҢ ФАКУЛЬТЕТ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА

Халықаралық академиялық мобильділікке байланысты факультет шетелдік ғалымдармен байланыс орнатқан. 2011-2012 оқу жылы Венгрия Ғылым академиясынан Андраш Биро, Михаил Добрович сынды ғалымдар келіп дәрістер оқыды. 2012-2013 оқу жылында сол дәстүр жалғасып, кафедра мамандықтарының магистранттары мен студенттеріне К.Мацузато (Жапония) (тақырыбы: «Ресейдің империялық саясаты», «Ресейдің қазіргі заманғы сыртқы саясаты») және Н.Пиончолли (Италия, Гонконг) (тақырыбы: «Ленин және Сталин кезеңіндегі ОА-дағы мемлекеттік және ұлттық құрылыс»), А.Моррисон (Ұлыбритания) сынды ғалымдар дәрістер оқыды.

2014-2015 оқу жылында факультетке дәріс оқуға кернекті орыс американист-ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті халықаралық қатынастар факультетінің Американдық зерттеулер кафедрасының профессоры Александр Иванович Кубышкин шақырылды.

Тарихшы-ғалымның бұл сапары біздің университетте белсенді дамытылып отырған академиялық ұтқырлық бағдарламасының аясында мүмкін болды.

А.И.Кубышкин Тарих факультетінде 2015 жылдың 19-29 сәуір аралығында болып 5В050500-Аймақтану және 5В020300-Тарих мамандығының студенттеріне қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы, жетекші державалардың посткеңестік кеңістіктегі сыртқы саясатына арналған екі курс оқыды, сондай-ақ университеттің профессор-оқытушылар құрамына «Қазіргі азаматтық қоғам құрылымындағы АҚШ және Канада университеттері» деген тақырыпта халықаралық оқыту семинарын өткізді.




Жапондық ғалым К.Мацузато студенттер мен магистранттарға дәріс оқуда

# • ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ

**БАКАЛАВРИАТ:**
- **5В070900 - «Металлургия»**
- **5В070700 - Тау-кен ісі**
- **5В070800 - «Мұнай газ ісі»**
- **5В071300 - «Көлік, көлік техникасы және технологиялар»**
- **5В072100 - «Органикалық заттардың химиялық технологиясы»**
- **5В072000 - «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы»**
- **5В072900 - «Құрылыс»**
- **5В090100 - «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру»,**
- **5В042100 - «Дизайн» мамандығы**




## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДА

Факультет 17 ЖОО-мен келісімшарттарға тұрған.

Оқу процесін және ғылыми жұмыстарын жетілдіру мақсатында факультетте халықаралық байланыстар орнатылған, соның ішінде: АҚШ Теннеси технологиялық университеті, Губкин атындағы мұнай және газ Ресей мемлекеттік университеті, Ресей мемлекетінің Г.И. Но-




сов атындағы Магнитогорск мемлекеттік техникалық университеті, Омск қ. «Халық өнерінің жоғарғы мектебі (институт)», Қырғызстан, Ж. Баласағұн атындағы қырғыз мемлекеттік университеті, Орынбор мемлекеттік университеті, И. Федоров атындағы Мәскеу мемлекеттік баспа университеті, Ресей, Челябинск қ. Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті Ресей, Уфа қ. Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті, Альметьевск мұнай институты (Ресей, Татарстан), Ресей, Иваново қ. Ивановск мемлекеттік политехникалық университеті және т.б.



## СТУДЕНТТЕР ЖЕТІСТІГІ

Факультет студенттері республикалық пәндік олимпиадалардың тұрақты жеңімпаздары болып келеді. Мысалы: «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығының студенттері 2-ші орын, 2015 жылы 1 және 3-орын, 2016 жылы 2-орын жеңіп алып, дипломдармен марапатталды. «Металлургия» мамандығының студенттері соңғы жылдары республикалық деңгейде тұрақты 2-3 орындарды иеленуде. 2014-2016 жылдары «Дизайн» мамандығының студенттері Орынбор қаласында халықаралық көрме сайысында жүлделі 3-ші орынды иеленді. Ал 2016 жылы сәуір айында Алматы мемлекеттік архитектура академиясында өткен республикалық олимпиадада 3-ші орын алды. Органикалық және бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандықтарының студенттері Тараз, Шымкент қалаларында өткен республикалық олимпиадаларда 3-ші орынға ие болды.



## БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР

### УНИВЕРСИТЕТ МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Мен, Тілеғенова Назерке Қуанышқалиқызы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті техникалық факультетінің «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» 4 курс студентімін.

Университетке оқуға түскен күннен бастап, техникалық факультеті мен университет деңгейлерінде ұйымдастырылған көптеген іс-шараларға белсене араласып, көптеген бәсекелерде университет намысын қорғап, түрлі шаралардың жеңімпазы атандым. Атап айтсақ, 2015 жылы Алматы қаласындағы М. Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясының жанында өткізілген Республикалық пәндер Олимпиадасында жеңімпаз атанып, 1-ші орын алып, абройлы да байрақты жетістікке жетіп, университет атағын айрықша таныттым. Бұл жоғарғы жетістігім техникалық факультеті «Автокөлік және жол қозғалысын ұйымдастыру» кафедрасының профессор-оқытушылар қауымының ерекше берген білім деңгейінің жемісі деп үлкен ілтипатпен айтамын. Әлбетте, университетіміздегі студенттердің жақсы білім алуға, оқытушылар мен студенттердің үлкен ғылым мен білім жетістіктеріне жетулеріне қажетті оқу-өндірістік жағдайларды ұйымдастыра білген университет ректоры профес-



сор К. Кенжебаевке алғысымыз шексіз.

Сонымен қатар, 2013-2014 оқу жылынан бастап Президент шәкірт ақысының иегерлігіне қол жеткіздім. Республикалық және Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға еңбектерімізді жариялап деңгейлі жетістіктерге де жете алдық. Мұндай нәтижелерге жетуіміздің негізгі себептері, ол техникалық факультетінің деканы, т.ғ.к, доценті А. Ж. Мурзағалиев пен кафедра меңгерушісі, т.ғ.к, доценті М. Қ. Қуанышевтың, кафедраның аға оқытушылары Ерманов М. Б. пен А. Қ. Каукаровтың еңбек үлестері орасан зор.

2015 жылы Республикалық байқау жеңімпазы «Жылдың үздік жоғары оқу орны - Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» атағын жеңіп алған Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенті болғанымды мақтан тұтамын. Өйткені университет қабырғасында заман талабына сай біліктілік деңгейіне жету университет студенттерінің басты мақсаты және жастардың арманы.

# • ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ

**БАКАЛАВРИАТ:**
- **5В021000 – Шетел филологиясы (ағылшын тілі)**
- **5В020700 – Аударма ісі**
- **5В021900 – Шет тілі: екі шет тілі**
- **5В011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын, неміс).**

Бітірушіге «5В011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын, неміс)» мамандығы бойынша гуманитарлық білімдер саласындағы бакалавры дәрежесі беріледі.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДА

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша факультетіміздің 3 және 4 курс студенттері: Айдана Есенбаева, Нұргүл Шалғымбаева және де Айдана Нұрышева Қытай Халық Республикасының Үрімші қаласындағы Шыңжан қаржы-экономикалық университетінде білімдерін жетілдіріп келді.

ҚР ҒжБМ «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» мен Ұлыбританияның жоғары оқу орындары тарапынан ұйымдастырылған «Enhancing Learning and Teaching in Higher Education» (Ньюкасл университеті) және Порто қаласының Жоғары Техникалық Институтында (Португалия) шетел тілдері факультетінің оқытушылары: Амирова А.А., Жумаханова А.Ж. өз біліктіліктерін арттырып қайтты.

Факультет оқытушылары мен студенттері бірнеше рет «Болашақ» бағдарламасының, ДААД, Гете-институты мен АҚШ Мемлекеттік Департаменті конкурстарының стипендиясын иеленді және шетелдердегі түрлі семинарларға қатысты:

Академиялық мобильділік бағдарламасы бойынша факультетте АҚШ, Австралия, Венгрия, Германия, Үндістан, БАЭ, Ресей, Өзбекстан, Әзірбайжан елдерінен келген мамандар дәріс оқыды.



Я очень довольна выбором университета и специальности, так как с уверенностью могу сказать, что знания, полученные здесь, – качественные и прочные. Также университет дает прекрасную возможность для раскрытия собственного потенциала: всевозможные кружки, дебаты, конкурсы – все это в полной мере способствует развитию очень ценных на сегодняшний день качеств.

В нашем университете все устроено таким образом, чтобы студенты могли на практике применить все усвоенные знания. Именно поэтому я сама была участницей различных олимпиад и научных конференций, в ходе которых занимала места и была награждена. Также, если говорить о практических навыках, хочется отметить неоценимый опыт, полученный нами в ходе прохождения производственной практики, которая проходила плодотворно благодаря нашим преподавателям и методистам. Таким образом, в нашем университете созданы все условия для развития конкурентоспособной, востребованной и всесторонне развитой личности специалиста. За это хочется искренне поблагодарить весь педагогический состав и нашего декана, за все их старания и кропотливую работу.

**Камила БУЛЕКБАЕВА,**
**студентка 4 курса**
**специальности «Иностранный язык»**

## БОЛАШАҒЫМНЫҢ ІРГЕТАСЫ



Мен, Аймурзина Айнур Есболкызы, 50 жылдан астам тарихы бар Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің шетел тілдер факультетінде білім алып жатқаныма дән ризамын.

Шетел тілдер факультетінің «шетел филологиясы» саласы бойынша білім алып жатқаныма 4 жыл болды. Шетел филологиясы мамандығы – әмбебап мамандық. Тек шетел тілі пәнінен ұстаз ғана емес, жоғары білімді, сауатты болумен қатар, шет елдерінің тілі мен әдебиетін барлық сырынан меңгеріп, жеке тұлға ретінде қалыптасуға зор мүмкіндік береді. Шетел тілдер факультетінің ұстаздары – ҚР-ның құрметті қызметкерлері. Факультетіміздегі білікті ұстаздардың терең білімін бойымызға сіңіре, баспасөздік, шешендік өнердің және мәнерлеп оқудың қыр сырын меңгеріп жатқанымыз факультетіміздің жан-жақтылығын көрсетеді. Шетел филологиясы мамандығы бойынша білім алуым – ағылшын тілін жетік меңгерумен қатар, неміс, қытай секілді әлем тілдерінің тілі мен мәдениетін бойыма сіңіруге мүмкіндік берді.

Білім мен қоғамдық жұмысты қатар алып жүретін студенттің 4 жылдық уақыты бос өтпеуге тиіс. Факультетте студенттердің жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілетін арттыруға толықтай мүмкіндігі бар. Болашақ өміріме қолғабыс тигізер білімді игергеніме, ағылшын, неміс, қытай тілдерінен алынған сертификаттарым дәлел болмақ. Дарындылар мен талантылардың ортасына түсіп, көптеген жеңілдіктерге ие болуым – өз таңдауымның дұрыс екендігінің белгісі.

«Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы бойынша Қытай Халық Республикасының іле педагогикалық университетінде 1 семестр білім алуым мен үшін жетістік деп білемін. ҚХР-да ағылшын тілімен қатар, қытай тілін меңгеруім білімімді одан әрі қарай жетілдірді. Мемлекетіміздің өркендеуі жолында талмай қанаттанып, білім нәрін бойына сіңіріп жүрген жас жеткіншектердің еңбегін бағалау үлкен нәтиже. Осы тұрғыдан ұйымдастырушы ұжымға және бойыма білімді нұрландырған ұстаздарыма алғысымды білдіремін.

Менің мамандығым тек шетел тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы ғана емес, баспасөз, радио, кітапхана, музей, театр, мәдениет мекемелері сынды орындарда қызмет жасауыма көмек береді. Шетел филологиясы – шет елдерінің тілін үйретіп қана қоймай, оның тарихымен, мәдениетімен, дінімен танысуға зор мүмкіндік береді.

# • ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

### ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ

**БАКАЛАВРИАТ:**
- 5В010100 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
- 5В010200 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
- 5В010300 - «Педагогика және психология»
- 5В010500 - «Дефектология»
- 5В010600 - «Музыкалық білім»
- 5В010700 - «Бейнелеу өнері және сызу»
- 5В010800 - «Дене шынықтыру және спорт»
- 5В012000 - «Кәсіптік оқыту»
- 5В012300 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
- 5В050300 - «Психология»
- 5В0040900 - «Хореография»

**МАГИСТРАТУРА:**
- 5М050300 - «Психология»
- 5М010300 - «Педагогика және психология»

Институттың құрамына 7 кафедра, 11 мамандық, сонымен қатар, ғылыми-зерттеушілік, инновациялық процесі және ғылыми қызметін ұйымдастыру кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары жан-жақты жолға қойылған. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылыми және оқу-әдістемелік басылымдар, ҚР және шетелдерде кәсіби біліктілігін кетеру куәліктері мен сертификаттары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредиттеу орталығы еткізген.



## КӘСІПТІК БІЛІМ СТУДЕНТТЕРІ ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Олимпиадаға Еліміздің әр облысындағы ең үздік, озық жоғары оқу орындарынан 13 команда қатысқан болатын. Бұл олимпиадаға университетіміздің «Кәсіптік оқыту» мамандығының 3-4 курс белсенді студенттерінен құралған «Шебер» командасы қатысып, ез білімдерін сынады. Сайыс төмендегідей кезеңдерден тұрды: 1 – теориялық білімін анықтау (арнайы пәндер бойынша тест); 2 – практикалық (жұмыс орындау) бұйым орындауда епттілігі мен дағдысын анықтау; 3 – жоба қорғау. Біздің командамыз жоғары нәтиже керсетіп, ұйымдастырушылар мен терешілердің кеңілінен шығып, 2 жүлделі орынға ие болды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті басшылығы атынан Қ. Жұбанов атындағы Ақтебе еңірлік мемлекеттік университеті ректоры К.К.Кенжебаев мырзаға алғыс хат жолданды.

**Жайнагүл ТЛЕКХАБЫЛОВА,**
**3 курс студенті**

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДА



2013 жылы п.ғ.к., аға оқытушы З.У.Адильшинова Португалиядағы Лиссабон техникалық университетінде, аға оқытушы, педагогика магистрі М.Б.Курманбекова 2014 жылғы маусым айында Ұлыбританияның NILE - Norwich Institute for Language Education Тіл білімі институтында қысқа мерзімді курстар арқылы ез біліктіліктерін шыңдап келді.

Ғылыми зерттеулерді интеграциялау мақсатында институт ПО құрамы алыс шетел елдерімен, атап айтқанда Ұлыбритания, Үндістан, Чехия, Болгария және т.б., елдермен халықаралық байланыс орнату жұмыстарын жүргізуде, сонымен қатар педагогика институты жақын шетел жетекші ЖОО және ғылыми орталықтарымен тығыз ғылыми байланыста. Олар: Башқұрт мемлекеттік университетінің Сибай Институты, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің Дене шынықтыру институты, М.Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университеті РМҚК, Зайнаб Бишева атындағы Стерлитамак мемлекеттік педагогикалық академиясы, И.Я.Яковлев атындағы Чуваш мемлекеттік педагогикалық университеті, Халықаралық академиялық ұтқырлық аясында Орынбор МПУ, Кузбасс мемлекеттік педагогикалық академиясымен ғылыми–зерттеу және басқа да жұмыстар бойынша ынтымақтастық серіктестік келісім шарттары жасалған.

## МАМАНДЫҒЫМ-МАҚТАНЫШЫМ!



25 мамыр...Соңғы қоңырау...ҰБТ-ны тапсырып, кейбіреулері нәтижесіне кеңілі толмай, үнжұрғасы түсіп жатса, ал енді кейбіреулерінің арқасынан бір ауыр жүк түскендей сезінетіні анық... Шіркің, қандай керемет десеңізші?!

ҰБТ нәтижесі шыққаннан кейін мамандық таңдау мәселесі алда тұрады. Енді, мен сіздерге қазіргі жастардың педагогика мамандығына қалай келгенін немесе қалай анықтама беретінін түсіндіріп керейін... Кейбір жастар: «Өзіме ұнамайды, балым жетпей қалғандықтан келдім немесе ақысыз белімге түскендіктен, атаанамның қалауымен»,- деп жауап беріп жатады. Әрине, мен олардың бұл жауабына ашуым келіп ренжимін. Себебі, педагогика - мамандықтардың ең асылы, ең қадірлісі, ең бастысы бүкіл мамандықтың анасы емес пе? Себебі, 17 млн-нан астам халқымыз бар, ұлан-ғайыр тәуелсіз елімізді басқарып отырған президент, аузымызды толтырып айтатын ақ халатты абзал жандар-дәрігерлер, жарқырап жанып жүрген жұлдыздарымыз-әншілер, керемет мұнараларымен таң қалдыратын-сәулетшілеріміз де, кек күмбезінен әрі еткен ғарышкер де бәрі - бәрі ұстаздан білім, тәлім - тәрбие алады. Тарыдай болып келген балаларға білім беріп, сонымен қатар емірлеріне шамшырақ болатындай етіп тәрбие береді. Осы балалардың мектеп табалдырығынан таудай болып шығуына аянбай еңбек етіп, ез үлестерін қосып жатады. Ұстаз күн шуағы секілді, жанжағына сәулесін шашып тұрады.

Бірде этнопедагогика пәнінен сабақ беретін ұстазымыз Гүлшат Рахметжанқызы былай деген болатын: «Мәңгі Қазақ елінің жастарын тәрбиелейміз!» Осындай керемет, асыл әрі қасиетті мамандыққа бас имеуімізге болама? «Ұнамайды» деп айтуымыз қисынсыз емес пе? Тәрбиенің езі әліппе секілді екені бәрімізге мәлім. Ал, енді әліппені рет-ретімен үйретпей ұнаған кезінде ғана үйрететін болса, шәкірттің халі қандай болмақ? Ойымды К.Д.Ушинскийдің мына сезімен аяқтағым келіп отыр:

«Мұғалім ез ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болмақ».

**Айболек Джубатырова,**
**педагогика және психология мамандығының 2 курс студенті**

# • ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ

### ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ

**БАКАЛАВРИАТ :**
- 5В050700 - Менеджмент
- 5В050600 - Экономика
- 5В050800 - Есеп және аудит
- 5В050900 - Қаржы
- 5В051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару
- 5В051100 - Маркетинг
- 5В030100 - Құқықтану




II место в VI республиканской студенческой предметной олимпиады по специальности «Учет и аудит» 2014 год

**МАГИСТРАТУРА:**
- 6М050600 - Экономика
- 6М051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару
- 6М051100 - Маркетинг

Институттың профессор-оқытушыларының құрамы 81 оқытушыдан тұрады, оның ішінде 3 ғылым докторы, профессорлар, 42 ғылым кандидаттары, 3 PhD докторы, 30 магистрлер бар.

## СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Талантты студенттерді, аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерді, мүгедектерді қолдау мақсатында материалдық және моралдық ынталандыру шаралары қарастырылған. Ақтебе еңірлік мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Кенжеғали Кенжебаевтың бұйрығымен оқу ақысына жеңілдіктер керсетілуі тиіс студенттердің санаттары бекітіледі. Бұл - оқу жылын барлық пәндер бойынша «үздік» бағамен бітірген оқу озаттары, шығармашылық және ғылыми жұмыстарға белсене араласатын студенттер, аз қамтылған және кеп балалы отбасыдан шыққан студенттер, жетімдер мен І және ІІ-ші топ мүгедектері. Мысалы, 2015-16 оқу жылының нәтижесі бойынша экономика және құқық институтының 70 студентіне университет ректорының шешімімен оқу ақысын телеу бойынша жеңілдіктер берілді

## ОБ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ




Свою стажировку я прошла в профильном университете им. Т.Рыскулова (ныне университет Нархоз), обладающем широким набором преподаваемых предметов по специальности. Здесь доступные критерии отбора.

Мной были выбраны профильные курсы, связанные с экономикой. Следует заметить, что сами пары проходят в менее формальной обстановке, нежели в нашем вузе, в угоду развитию творческих способностей студентов. Большая часть времени уделяется креативным заданиям и обсуждениям. Однако из-за этого страдает теоретическая база знаний. Зачастую студенты-иностранцы не способны к логическому решению поставленных задач. Даже я, не обладая незаурядными математическими способностями, выгодно выделялась на фоне остальных студентов. За это, к слову, честь и хвала нашему родному университету.

В каждой комнате в общежитии есть интернет, как и во всем университете, однако я бы посоветовала для удобства взять с собой wi-fi роутер и кабель к нему. В университете работает библиотека.

Скажу так: впечатлений хватит на всю оставшуюся жизнь! Только самые положительные эмоции. Хотя тут все субъективно и зависит от того, насколько студент готов к новым свершениям. Безусловно, полезный опыт во всех планах: профессиональном, социальном, языковом.

**Жансая ДУЙСЕН,**
**студентка 3 курса специальности «Экономика»**

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Бүгінгі таңда студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы аясында келесі алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарымен езара тиімді ынтымақтастық туралы келісім шарттар бар: Теннеси техникалық университеті (АҚШ), Шанхай қаржы және экономика университеті (Қытай), Синьцзян қаржы-экономикалық университеті (Қытай), Лейден университеті (Нидерланды), Халықаралық бизнес мектебі (Монтре қаласы, Швейцария), Балтық халықаралық академиясы (Латвия).

Болон конвенциясының қағидаларын жүзеге асыру студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуді қажет етеді, осыған байланысты экономикалық және




құқықтану мамандықтарының студенттері алдынғы қатарлы шетелдік жоғарғы оқу орындарында білім алуда. Академиялық ұтқырлық аясында 8 студент АҚШ, Қытай, Латвия елдерінде, сонымен қатар, Астана және Ақтау қалаларында білім алды. Академиялық ұтқырлық аясында серіктес ЖОО студенттерін Институтта оқуға тарту бойынша келіссездер жүргізілуде. Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ-нің экономика және құқық институты қазіргі таңда келісімшарт негізінде 14 шетелдік жоғарғы оқу орындарымен белсенді түрде жұмыс атқаруда.

Академиялық ұтқырлық аясында институттың 4 оқытушылары "Болашақ" бағдарламасы бойынша Лейден университетінің ICLON біліктілікті жоғарылату институтында (Нидерланды) және Монтре қаласындағы халықаралық бизнес мектебінде оқып, ғылыми тәжірибеден етіп келді. Сонымен қатар, 4 оқытушы Қытай және Ресейдің жоғары оқу орындарында шетелдік ғылыми тағылымдамадан етті.

# Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МАГИСТРАТУРА ЖӘНЕ ДОКТОРАНТУРА МАМАНДЫҚТАРЫ:

6М060100 – Математика
6М010900 - Математика
6М060200 - Информатика
6М060400 – Физика
6М011000 - Физика
6М020500 - Филология
6М010300 - Педагогика и психология
6М050300 - Психология
6М020300 - История
6М060700 - Биология
6М050600 - Экономика
6М051000 - Государственное и местное управление
6М051100 - Маркетинг
6М060800 - Экология
6М070300 - Информационные системы

**ДОКТОРАНТУРА:**
6D060100 – Математика



## УНИВЕРСИТЕТТЕ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ БІЛІМ БЕРУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА САЙ

### *Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім алудың мүмкіндіктері*

Қарқын алған ғаламдық үдеріс жағдайында жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру елімізді халықаралық деңгейдегі бәсекелестікке сай адам ресурстарымен қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған.

Магистратура – көп салалы университет білімінің ажырамас жүйесінің аса бір маңызды, басым сипаттағы буыны болып табылады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті мамандықтар жіктемесіне сәйкес магистратураның 15 мамандығы бойынша магистрлерді дайындайды.

Магистратурада оқу қазақ және орыс тілдерінде екі бағытта жүргізіледі:
- ғылыми-педагогикалық (оқу мерзімі 2 жыл);
- бейіндік (оқу мерзімі 1; 1,5 жыл).

Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім алу жас ізденушілер алдында көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Олардың ғылым жолындағы ізденістерін арттыруға, ғылыми-педагогикалық бағытта қалыптасуларын жүзеге асырады.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ PhD докторларын дайындаудың оқу бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытта фундаментальді білімдік, әдіснамалық және зерттеушілік дайындықты, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылыми сала жүйесіндегі тиісті ғылыми бағыттар бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуды қарастырады.

PhD докторантура халықаралық талаптар мен Болон үдерісінің принциптеріне сәйкес ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 6D060100-Математика мамандығы бойынша лицензияға ие.

Магистратура және докторантураға құжат қабылдау уақыты 10.07.- 30.07.2016 ж. аралығында жүргізіледі. Емтихан өту мерзімі: 10.08. - 20.08.2016 ж.





## УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті бакалавриаттың 55 мамандығы мен магистратураның 15 мамандығы бойынша мамандар даярлайтын Қазақстанның батыс өңіріндегі ең ірі жоғары оқу орны болып табылады. Білім ордасы 2014 жылғы 3 мамырда институционалды аккредиттеуден өтті.**

**Сонымен қатар, университеттің 22 білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан жүргізілген мамандандырылған аккредиттеу рәсімінен ойдағыдай өтіп, нәтижесінде барлық мамандықтар 5 жыл мерзімге аккредиттелді.**

Университеттің мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім бағдарламалары:
- 5В010100-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 5В010200-Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі;
- 5В010300-Педагогика және психология;
- 5В010900-Математика;
- 5В011000-Физика;
- 5В011100-Информатика;
- 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті;
- 5В011800-Орыс тілі мен әдебиеті;
- 5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті;
- 5В012200-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;
- 5В020500-Филология;
- 5В011400-Тарих;
- 5В020300-Тарих;
- 5В060100-Математика;
- 5В060400-Физика;
- 5В070900-Металлургия;
- 5В072000-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы;
- 5В072100-Органикалық заттардың химиялық технологиясы;
- 6М020500-Филология;
- 6М060100-Математика;
- 6М060400-Физика;
- 6М020300-Тарих.

Негізінде, аккредиттеу рәсімінің мақсаты – жоғары оқу орнының және білім бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін тану үшін аккредиттеу органы тарапынан жүргізілетін бағалау процесі. Дәлірек айтсақ, мамандандырылған аккредиттеу барысында университеттегі білім беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру, білім бағдарламаларының сапасы мен жалпы білім беру қызметінің мемлекеттік стандарттарға және нормативтерге сәйкестігі бағаланады.

Алдымыздағы, яғни 2016-2017 оқу жылында университеттің 24 мамандығы мамандандырылған аккредиттеуден етуге дайындық үстінде.

Университет және оның мамандықтары жыл сайын өткізіліп тұратын білім беру бағдарламаларының республикалық рейтингіне қатысып отырады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі жүргізген Рейтинг-2014 нәтижесі бойынша университет қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 9-орынды, ал Қазақстан Республикасының батыс өңірінде орналасқан жоғары оқу орындары арасында 1-орынды иеленді. 2015 жылғы жүргізілген рейтингте университеттің 5 мамандығы жетекші орындар иеленіп, 14 мамандығы бірінші бестіктер (Топ-5) қатарына енді. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан жүргізілген республикалық рейтингінде университетіміздің 6 мамандығы жетекші орындарды иеленсе, 16 білім бағдарламалары алғашқы бестіктер қатарына енді.

**Стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасы**


**Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген**

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Газет тілшісі Арен Ж.С.
Газет корреспонденті Бекбаганбетов О.
Газет маманы Жалгасбаева М.Ж.
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.
Фотокорреспондент Арен Ж.С.

**Меншік иесі:**
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**

**Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Ақтөбе қаласы. Смағұлов кешесі, 9 «К» басылады.**
**Тел.: 8(7132)545-545, 400-400.**

**Тапсырыс №87 Таралымы 3000**

**Біздің мекен-жайымыз: 030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова кешесі 34 үй. 2-қабат, 200 [б] бөлме. Көлемі 2 баспа табақ. Газет айына 2 рет шығады.**

**Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.**